

бөлу керектігіне мән берілген. Осыған байланысты болашақ маман бойында кәсіби құзыреттілігін қалыптастырып, ол тұлға дамуымен ұштасып, нәтижесінде жас ұрпақтың біліктілігі мен іскерлігін қалыптастыру мәселесі айқындалса, бірлесе жасалған еңбектің нәтижесі деп білеміз.

Библиографиялық тізімі

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы. – 2010. – 6 б.
2. «Қазақстан – 2050»: Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы.
3. Қазақстан Республикасында 2020 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. – Астана. – 2004. – 3–4 б.
4. Қазақстан Республикасында Гуманитарлық білім беру тұжырымдамасы. – Алматы, 1994. – 40 б.
5. Перевалова А. Развитие творческого потенциала студентов // Учитель. Профессиональный педагогический журнал. – 2006. – Май-июнь. – 96 б.

ПРОЕКТНАЯ ТЕХНОЛОГИЯ ОБУЧЕНИЯ КАК СРЕДСТВО РАЗВИТИЯ СТУДЕНТОВ ЖОБАЛАП ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ СТУДЕНТТІ ДАМЫТУ ҚҰРАЛЫ РЕТІНДЕ PROJECT-BASED LEARNING TECHNOLOGY AS A TOOL FOR STUDENT DEVELOPMENT

Абдимоминова Д.К.

*Костанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Костанай, Қазақстан*

Аннотация

В статье рассматриваются различные способы и средства овладения будущим преподавателем будущих учителей в учебных заведениях высших педагогических специальностей. Нынешняя система информационного образования рассматривается как процесс, который обеспечивает методологический и практический анализ, а также эффективное использование современных информационных технологий, направленных на решение задач обучения.

Ключевые слова: образование, проектное обучение, метод проекта, педагогическая наука, современная педагогика, программа обучения, история педагогики, педагогический проект.

Keywords: education, project technology, method of projects, pedagogical science, modern pedagogic, training program, history of pedagogic, pedagogical project.

XXI ғасырда Қазақстан Республикасындағы қайта құрулар, экономиканы дамытудағы жаңа стратегиялық бағдарлар, қоғамның ашықтығы, оның жедел ақпараттануы мен қарқынды дамуы білім беруге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті. Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігі олардың білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды машыққа қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан бүгінгі дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Қазақстан Республикасы Білім беруді дамытудың стратегиялық жоспарында «Білім беру жүйесінің басты міндеті оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық коммуникациялық желілерге шығу, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау» – деп атап көрсеткендей -ақ, қазіргі кезеңде әрбір мұғалімнің алдына қойып отырған басты міндеттерінің бірі- оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және жаңа педагогикалық технологияны меңгеру [1].

Кәсіби білім берудің басты мақсаты – жас толқынның қабілеті мен қызығушылығына қарай кәсіби әрекетті игеруіне, белгілі бір мамандықтың иесі болуына жағдай жасау, мүмкіндік беру. Ал өз кезегінде сол білім әр адамның өзін - өзі тануының, маман ретінде қалыптасуының, өзін – өзі көрсете білуінің, яғни ішкі мүмкіншілігі мен тұлғалық қабілеттерінің ашылуының құралы болып табылады. Отандық тәжірибеге зер сала қарағанда, студенттерге шынайы білім беру бағытындағы ең мәнді қадам деп олардың өздігінен ізденуіне, алған білімін нақты тәжірибеде қолдануына жол ашатын кредиттік оқу жүйесіне көшу барысында осы жаңа жүйенің мүмкіндіктеріне лайық жаңа технологиялардың да белсенді түрде енгізіле бастағанын айтуға болады.

Қазақстан Республикасының азаматы ретінде студенттердің жеке тұлғалық мәдениеті мен танымдық – практикалық қабілеттерін қалыптастыруға мүмкіндік беретін осы бағыттағы ізденістерді кеңейтудің және сол технологияларды ғылыми тұрғыдан жан – жақты зерделеп зерттеудің көкейкестілігін дәлелдейді. Кез келген технология білім берудің мақсатынан бастап оның түпкі нәтижесіне дейінгі аралықтағы оқытудың

әдістемелік жүйесіне енетін барлық компоненттің біртұтас ортақ мүддеге бірлесе қызмет етуінің тиянақталған жолы болып саналады [2].

Технология – грек тілінен аударғанда шеберлік деген ұғымды білдіреді. Бұл сөздің мағынасы педагогика саласында қолданғанда шеберлікпен өнім алу, нақты нәтижеге жету, белгілі бір жүйемен оқыту деген ұғымдарға барабар. Педагогикада оқыту технологиясы мен білім сапасы бір – бірінен ажыратуға болмайтын, өзара тәуелді, өзара сабақтас егіз ұғымға айналды. Себебі оқыту технологиясының тиімділігі сапалы нәтижелерге әкелетін факторларды үйлесімділікпен басқаруға тікелей байланысты болса, ал үйлесімді басқару жүйелілік арқылы сапаға қол жеткізудің басты шарты болып саналады. Сондықтан отандық та, әлемдік те ғылымда педагогикалық технологияларға арналған зерттеулер аясы кеңейе түсуде [3].

Жобалай оқыту технологиясына қатысты ғылыми ізденістер уақыт өткен сайын жаңарып, жаңғырып, толығып, дамып келеді. Зерттелген сайын оның жаңа өрістерінің де кеңейе түсуі бұл мәселенің өміршеңдігін танытады. Жобалай оқыту технологиясының алғашқы соқпағы XVII ғасырдағы Париждің Корольдік сәулет академиясының тәжірибесінен басталады. XX ғасырдың ортасынан бастап АҚШ-тың, Германияның білім беру саласында, ал ғасыр соңында ТМД елдерінің оқыту жүйесінде кең өріс алғаны белгілі. Жобалай оқыту технологиясының теориясын алғаш негіздеген ғалымдар Д. Дьюи мен В. Килпатрик болатын. Олар бұл технологияның әмбебаптық сипатын дәл анықтап, оның интеллект дамытудағы маңызын жоғары бағалады. Ресей ғалымдарының осы саладағы еңбектерін саралап қарағанда, педагогикалық технологияның оқыту үдерісіне екі түрлі жолмен:

1) В.П. Беспалько, В.В. Давыдов, В.К. Дьяченко, Л.В. Занков, П.Я. Гальперин, Н.В. Кузьмина, т.б. ғалымдардың теориялық зерттеулерінің нәтижесінде;

2) Е.Н. Ильина, С.Н. Льсенкова, В.Ф. Шаталов, т.с.с. әдіскерлердің практикалық тәжірибелерінің негізінде енгізілгені анықталады. Дегенмен, қазіргі таңда оқыту технологияларының жалпы заңдылықтары мен қағидалары нақтыланып, оларды қолданудың өзіндік жүйесі бірізге түсірілген деп кесіп айту орынды болмас. Өйткені технология шеберлікпен, өнермен тамырлас ұғым болғандықтан, оның мүмкіндіктерінің де шексіз екені аян. Әйтсе де олардың аражігін ажыратып, әр технологияның өзіндік сипаттарын пәнді оқытудың ерекшелігіне сай айқындап берген еңбектер қатары молайып келеді. Орыс педагогі К.Д. Ушинский айтқандай, қазіргі

заман талабына сай, әр оқытушы, өз білімін жетілдіріп, ескі бірсарынды сабақтардан гөрі, жаңа талапқа сай инновациялық технологияларды өз сабақтарында күнделікті пайдаланса, сабақ тартымды да мәнді, қонымды, тиімді болары сөзсіз. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев айтқандай: «Болашақта өркениетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін білім». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр.

Бұл технология әлемдік педагогикада жаңалық емес. Ағылшын тілінен аударғанда «cooperative learning» – «бірге үйрену», ал латын тілінен аударғанда «projectus» – «алдын ала» деген мағынаны білдіреді деген екі ұғым бар. «Жоба» ұғымы педагогика саласында ғана емес, экономика, басқару, зерттеу салаларында да кеңінен қолданылатыны белгілі. Мысалы: құрылыс жобасы, зерттеу жобасы, оқыту жобасы т.б. Жобалау әдісі ХХ ғасырдың басынан басталады. Жоғарыда айтылғандай, жобалау әдісі мұхиттың арғы бетінде ХХ ғасырдың басында басталғанымен, Қазақстанда білім беру салалары кредиттік жүйеге енгелі қазақ тілі әдістемесінде соңғы жылдары ғана қолданыла бастады. Біздің жағдайымызда жобалау әдісі деп-сабақтың өткізілу түрі айтылады. Сонымен қатар жобалау әдісі-студент пен оқытушы бірігіп, белгілі бір мәселені шешуге және қорытынды жасауға негізделген оқу немесе басқа да әрекеттерін айтуға болады. Жобалау әдісі – оқу үрдісін ерекше етіп тұратын кешенді оқыту тәсілдері жиынтығы. Бұл әдіс – студенттерге әрекеттерін өз бетінше жоспарлауға, ұйымдастыруға және бақылауға мүмкіндік береді. Жобалау әдісі студенттерге тақырып таңдауға, мәліметтердің дереккөздерін жинауда және презентация жасауда өз бетінше жұмыс істеуге жағдай жасайды. Бұл әдіс – қарым-қатынастың жаңа түрін үлгілеуге арналған. Жобалау студенттің өз бетінше ойластырып, жүзеге асыруға арналған жұмысы. Зерттеу барысында студенттің бойында жұмысына қажетті төмендегідей біліктер қалыптасады:

- өзінің қабілеті мен қызығушылығына қарай тақырыпты еркін таңдай алады;

- алдына қойған міндетіне қарай жұмыстың мазмұнына өз бетінше талдау жасай алады;

- өз бетінше алдына қойған мақсатына жету және жүзеге асыру жолдарын іздестіреді;

- мүмкіндіктері мен мүмкіндіктер шегін тексеруге және дамытуға жағдай жасайды;

- мәліметтерді жинап, жүйелеп және сыни ойлауға үйренеді;

– әдістерді талдай, салыстыру арқылы жұмысына тиімді әдісті таңдай алады;

– аудиторияның алдында сөйлеуге, ойын дәлелді және логикалық жүйелікпен жеткізуге, аудиторияны өзіне қарата білуге дағдыланады;

– өзгелерді тыңдап, айтқандарын ой елегінен өткізуге дағдыланады;

– шешімі қиын сұрақтарды өз бетінше шеше біледі;

– өз көзқарасын дәлелдеп, шешімінің дұрыстығына тыңдаушылардың көзін жеткізуге тырысады. Жобалау арқылы студенттің интеллектуалды, эмоционалды, контексті сөйлесуі іштей басқа әрекеттермен бірлікте жүреді. Басқа әрекеттер деп отырғанымыз, жоспарын жүзеге асыру үшін құжаттар, анкета, кесте, бейнеролик т.б. дайындалады. Жобамен жұмыс істеу – шығармашылық процесс.

Қорыта айтқанда, инновациялық технологиялардың қай түрін алсақта, олардың тиімділігі тек қана оқытушының шеберлігімен және осы шеберлікті шыңдай түскендігімен ғана шын күшіне ие бола алады. Сондықтан студенттердің ынтасын арттыруға арналған әдістемелік құралдардың жүйесі мен амалдары әр оқытушыдан оларды терең игеруін, іске асыруын және оған сай болаытын іскерлікті талап етеді.

Библиографиялық тізімі

1. Бахишева С.М. Педагогикалық жобалау: теориясы мен технологиясы: Оқулық. – Алматы: ЖШС РПБК «Дәуір», 2011. – 336 б.

2. Бағдаулет Ж. Жобалау әдісі – жобалы оқыту құралы // Педагогика мәселелері. – 2010. – № 4. – 33 б.

3. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. – Алматы, 2004. – 218 б.

3. Мейірманқұлова Т. Білім берудегі инновациялық технологиялар. – Алматы, 2005. – 58 б.

МОДЕЛИРОВАНИЕ РАСПРЕДЕЛЕНИЯ ТЕПЛА В ТОНКОМ ОДНОРОДНОМ СТЕРЖНЕ

SIMULATION OF HEAT DISTRIBUTION IN A THIN HOMOGENEOUS ROD

Шевченко И.М., Телегина О.С.

Костанайский государственный педагогический институт,

Костанай, Казахстан

Аннотация

В работе рассказывается о математическом моделировании распределения тепла в тонком стержне конечной длины по нестационарному уравнению диффузии методом явной разностной схемы (метод сетки). В качестве моделирующей программы выбрана среда MathCAD.